

**2021-2025 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламаны
қалыптастыру үшін техникалық сараптама жүргізудің
ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАСЫ**

Өңірлік электр желілік компаниялары үшін техникалық сараптама жүргізу және қорытындылар ұсыну ережелері бойынша «Атырау Жарык» АҚ-ның техникалық сараптамасында:

1) негізгі құралдардың техникалық жай-күйін және техникалық сипаттамаларының талдауы, оның ішінде:

жабдықтың сараптама жүргізу күніне тозу дәрежесі;

негізгі құралдарды (қолданыстағы және реконструкцияланып жатқан) сыныптау топтары бойынша пайдалану мерзімдері;

реттеліп көрсетілетін қызметтердің есептеу құралдарының (соның ішінде коммерциялық) болуы.

2) материалдар шығысының бағасы, оның ішінде материалдар шығысының құзыретті орган бекіткен нормаларының болуы;

3) өңірлік электр желілік компаниясының персонал санының бағасы;

4) нормативтік ысыраптардың бағасы, оның ішінде құзыретті орган бекіткен нормативтік ысыраптардың деңгейінің болуы;

5) инвестициялық қызметтің алдыңғы 3 жыл үшін бағасы;

6) заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген қолданыстағы тарифтік сметада көзделген есептеу құралдарын тексеру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі іс-шараларды іске асыруды талдау;

7) көрсетілетін қызметтер көлемі, оның ішінде олардың сапасының бағасы қамтылады.

«Атырау Жарык» АҚ жүргізетін энергия үнемдеуді ынталандыратын іс-шараларға қорытынды беру керек және энергия үнемдеу саласында саясатты іске асыру, оның ішінде энергияны өндіру және тұтыну режимдерін оңтайландыру, оған есептеу мен бақылауды ұйымдастыру, отын-энергетикалық ресурстарды тасымалдаған және пайдаланған кезде олардың ысыраптарын қысқарту, босатылатын және тұтынылатын электр энергиясын есептеу бөлігінде нақтылықты, растылық пен өлшем бірлігін қамтамасыз ету мақсатында инвестициялар салымдарының қажеттілігін бағалау қажет.

КҚБ басшысы



Р.И.Умбеталиев